

Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу өндірісі жөніндегі мемлекеттік "Желдірме" холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 27 тамыз N 738. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995.12.21. N 1825 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және халық пен халық шаруашылығының автобус, жүк таситын автомобильдерге деген сұранымын қанағаттандыру мен автожөндеу өндіріс тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Автомобиль жасау және автомобиль жөндеу өндіріс жөніндегі мемлекеттік "Желдірме" холдинг компаниясы құрылып, ол қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың құрамына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Желдірме" компаниясына кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылған, компания құрамына кіретін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын табыстасын;

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті тарататыннан басқа, акционерлік қоғамдар жасаған акциялар пакетін оның иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берсін.

Мемлекеттік "Желдірме" холдинг компаниясына еріктілік ұстанымымен мүдделі басқа да кәсіпорындар, ұйымдар және шетел фирмалары қатысушы бола алады.

Компанияның атқарушы органының орналасқан жері Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 458-үй болып белгіленсін.

2. Мемлекеттік "Желдірме" холдинг компаниясы:

"Қазавтокөлік" концернінің ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындары бойынша шаруашылық-қаржы қызметі, әскери-жұмылдырушылық жұмысы және

азаматтық қорғаныс жөніндегі құқылы мұрагері болып табылады;

оның дербес балансы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар, заңды ұйым болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдары негізінде іс-қимыл жасайды.

Компания басшылығын тағайындау мен бекіту Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" жөніндегі 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. "Желдірме" компаниясына:

өз құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың және акционерлік қоғамдардың қызметін үйлестіру;

Компания құрамына кіретін акционерлік қоғамдар, кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінде мемлекет мүддесін сақтауға бақылау жасау;

республиканың автомобиль жасау саласын қолдау мен дамытуға бағытталған, соның ішінде шетелдік инвесторларды тарта отырып, бірыңғай кредит және инвестиция саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру;

қаржы ресурстарын шоғырландыру, оларды тиімді пайдаланудың стратегиясы мен оңтайлы жағдайларын белгілеу;

өндірістің рентабельділігін, ішкі және сыртқы нарықта өнім мен қызмет көрсетудің бәсекеге төтеп беру қабілетін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

автомобиль өндіріс кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты және автокөлік құралдарын беріп тұруды мемлекеттің мұқтажын қамтамасыз ету;

Компанияға қатысушыларға, сондай-ақ басқа да мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектілерге делдалдық қызмет көрсетудің алуан түрлері мен нысандарын орындау;

республикада автокөлік құралдарын күрделі жөндеу мен оларға сервистік қызмет көрсетуді дамыту мен жетілдіруді қамтамасыз ету;

жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету мен оны жөндеу үшін автокөлік құралдарына, арнайы жабдықтарға, приборлар мен аспаптарға, сондай-ақ тұтынылатын пайдалану материалдарына техникалық-пайдалану талаптарын әзірлеуге қатысу жүктеледі.

4. Мемлекеттік "Желдірме" холдинг компаниясына Көлік пен байланыстың Ұлттық бағдарламасының Қазақстан Республикасында автокөлік құралдары өндірісін, жөндеу жүйесін және сервистік қызмет құру жөніндегі бөлімін әзірлеу тапсырылсын.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақ ССР Министрлер Советінің "Автомобиль транспорты жөніндегі Қазақ мемлекеттік "Қазавтотранс" концернін құру туралы" 1990 жылғы 29 желтоқсандағы N 582 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 6, 45-бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Автомобиль жасау және автокөлік акционерлік корпорациясын құру туралы" 1992 жылғы 20 қазандағы N 885 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 40, 603-бап).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 27 тамыздағы
N 738 қаулысына
Қосымша

Мүлкі немесе акциялардың мемлекеттік пакеті
"Желдірме" холдинг компаниясына берілетін мемлекеттік
кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың
Тізбесі
(Кесте)